


**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Бекітемін»

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
басқарма төрағасы -ректор

Б.С.Каримова

«» 03. 2021 ж.



**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті базасында Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқауларды ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Қызылорда, 2021 ж.

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Бекітемін»

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
басқарма төрағасы -ректор

_____ Б.С.Каримова

« 11 » ____ 03 ____ 2021 ж.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті базасында Қызылорда
облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық
пәндік олимпиадалар мен байқауларды ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Қызылорда, 2021 ж.

АЛҒЫ СӨЗ

1. Жұмыстық топпен ӘЗІРЛЕНДІ.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректордың _____ 11.03 _____ 2021 жылғы № ____ 117-а _____ бұйрығымен БЕКІТІЛДІ және ЕНГІЗІЛДІ

1. Жалпы ережелері

1.1. Осы Ереже Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде өтетін оқушылар олимпиадасының (бұдан әрі қарай - Олимпиада) мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін және оны өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Олимпиада 11 сынып оқушыларына арналған зияткерлік конкурс болып табылады. Олимпиада 26.04-30.04.2021жж. аралығында өткізіледі.

2. Олимпиадалар мен байқаулардың негізгі мақсаты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түсуге жоғары сынып оқушыларын ынталандыру, сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту және қызығушылығы мен оқу саласы ұқсас басқа білім алушылармен білім және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беру;

3. Олимпиадалар мен байқауларға қатысушылар және қажетті құжаттар

Олимпиадалар мен байқауларға мектеп бітіруші сынып (11 сынып) оқушылары қатыса алады.

Қажетті құжаттар:

- толтырылған өтінім формасы;
- мектеп директорының ұсынысы;
- жеке куәлік көшірмесі.

4. Олимпиадалар мен байқауларды өткізудің конкурстық комиссиясы

4.1. Олимпиадалар мен байқауларды өткізудің конкурстық комиссиясы құрамына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті кафедраларының профессор-оқытушылары кіреді.

4.2 Олимпиадалар мен байқауларды өткізудің конкурстық комиссиясы:

- олимпиада пәндері бойынша тапсырмалар дайындайды;
- Олимпиадалар мен байқаулар тапсырмаларының орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін дайындайды;
- пәндік тапсырмаларды сараптау комиссиясына тапсырады;
- оқушылардың пәндік тапсырмаларының өңделуін жүргізеді;
- Олимпиадалар мен байқаулардың өту баллын анықтайды;
- Олимпиадалар мен байқаулар бойынша координаторына нәтижелер ведомосын ұсынады;
- Олимпиадалар мен байқаулардың тапсырмаларының мектеп бағдарламасына сәйкестігін қарайды;
- Олимпиадалар мен байқаулар бойынша тапсырмаларды бекітіп, хаттама дайындайды;

- Олимпиадалар мен байқаулар туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

- Олимпиадалар мен байқауларды Олимпиада өткізудің конкурстық комиссиясы қорытындылайды. Комиссия шешімімен хаттама рәсімделеді. Талапкерлерге ішкі гранттар мен жеңілдіктер беру комиссиясына ұсыныс беріледі.

Әр бейіндік пән бойынша өткізілетін олимпиадалар мен байқаулардың ақпараттық хаттары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті базасында Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқауларды ұйымдастыру және өткізу туралы ЕРЕЖЕ негізінде дайындалады.

5. Пәндік олимпиадалар мен байқаулардың өткізу шарттары

5.1. Олимпиадалар мен байқаулар төменде көрсетілген ҰБТ-да тапсырылатын бейіндік пәндер бойынша өткізіледі .

№	Бейіндік пән	Жауапты кафедралар	Жауапты тұлға және байланыс телефондары
1	Математика	Математика және қолданбалы механика кафедрасы	Жалбырова Ж.Т. 8777 256 9751
2	Физика	Физика және математика кафедрасы	Каинбаева Л.С. 87016055028
3	Биология	Биология, география және химия кафедрасы	Г.Б. Токтағанова 87013372374
4	География		
5	Химия		
6	Адам.Қоғам.Құқық.	Құқықтану кафедрасы	Қаржаубаева Л.М. 87058885952 87054222637
7	Шет тілі	Шетел тілдері және аударма кафедрасы	Макашова А.П. 87051666252
8	Қазақ әдебиеті	Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы	Алмауытова А.Б 870856710517
9	Қазақ тілі Шығармашылық емтихан Журналистика		
10	Орыс әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы	Есенова П.С. 87772636921
11	Орыс тілі		
12	Қазақстан тарихы	Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы	А.Ж. Оразбақов 87712956830
13	Дүниежүзі тарихы		
14	Шығармашылық емтихан	Сәндік қолданбалы және бейнелеу өнері	Смаилова Ж.Ж. 8(7242)273569 87010528868

	Хореография	Мирманов Н.Б. 87051518111 87013846565 87710927777
	Дәстүрлі музыка өнері кафедрасы	Мирманов Н.Б. 87051518111 87013846565 87710927777
	Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық	Бимаханов Т.Д. 87758308283

5.2 Жұлделі орын алған олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздарына төмендегі кестеге сәйкес ректордың білім гранты тағайындалады.

№	бейіндік пән	Білім беру бағдарламалары саны	Грант саны
			Ректордың білім гранты
1	Математика	36 (міндетті пән)	2
2	Физика	29	2
3	Биология	12	1
4	География	19	2
5	Химия	9	1
6	Адам.Қоғам.Құқық.	2	1
7	Шет тілі	9	1
8	Қазақ әдебиеті	2	1
9	Қазақ тілі	2 (міндетті пән)	1
10	Орыс әдебиеті	1	1
11	Орыс тілі	1(міндетті пән)	1
12	Қазақстан тарихы	1 (міндетті пән)	1
13	Дүниежүзі тарихы	10	1
14	Шығармашылық емтихан	9	4
Барлығы:			20

Ректордың білім гранты білім беру бағдарламасына емес, пәнге беріледі. Пәндер бойынша өткізілген олимпиада жеңімпаздары бір бейіндік пәні сәйкес келетін университеттің білім беру бағдарламаларының ішінен талапкерлер құжат тапсырған білім беру бағдарламасының біреуін таңдайды. Мысалы, физика пәнінен олимпиада жеңімпазы бейіндік пәні физика болатын 29 білім беру бағдарламасының бірін таңдай алады. Бұл әдіс бұрынғы Республикалық немесе халықаралық олимпиадалар жеңімпаздарының мамандық таңдауына сәйкес келеді. Жекелеген бейіндік пәндер бойынша олимпиада жеңімпаздарына пән атауы көрсетілген университеттің білім грантын алғандығын растайтын куәлік беріледі. Құжат тапсырған талапкер сол куәлікті көрсетіп олимпиада жеңімпазы атанған пәні

бейіндік пән ретінде сәйкес келетін барлық білім беру бағдарламаларының ішінен талапкерлер құжат тапсырған біреуін таңдай алады.

Шығармашылық бағыттағы пәндер бойынша (байқаулардың) олимпиада жеңімпаздарына 1-орынға 1 грант беріледі. Шығармашылық пәндер бойынша олимпиада жеңімпаздарына шығармашылық білім беру бағдарламалары жазылған куәлік беріледі. Шығармашылық пәндер бойынша олимпиада мен байқау жеңімпаздары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде шығармашылық білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандарын тапсырып, межелік балл алған жағдайда ғана ректордың білім гранты беріледі.


Ескерту: Олимпиада мен байқау жеңімпазы-талапкер маусым-шілде айларында өткізілетін Ұлттық бірыңғай тестілеуде бейіндік пән ретінде өзі жеңімпаз болған пәнді таңдаған жағдайда ғана, егер ол мемлекеттік білім грантының иегері болмаған кезде ректордың білім гранты беріледі. Бұл ескерту пәндер бойынша олимпиада жеңімпаздарына берілетін білім гранты куәлігіне жазылады.


6.Қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

Олимпиада мен байқау қорытындысы бойынша 1 - бірінші орын, 1 - екінші орын 1- үшінші орын беріледі. Ректор гранты иегерлерінен басқа жүлдегерлерге дипломдар мен алғыс хаттар және сыйлықтар беріледі.

Келісілді:

Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор А.Т. Жүнісов

Оқу процесін тіркеуші офисінің басшысы  М.М. Абжаев

Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы  Д.М. Жарылгапова

Рекрутинг орталығының жетекшісі  Ж.Ш. Оразмаханов